

Алматы облысында меншікке немесе жер пайдалануға берілетін ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер телімдерінің ең аз мөлшерлерін белгілеу туралы

Күшін жойған

Алматы облыстық мәслихатының 2011 жылғы 14 қазандағы N 51-286 шешімі және Алматы облысы әкімдігінің 2011 жылғы 17 қазандағы N 212 қаулысы. Алматы облысының Әділет департаментінде 2011 жылы 25 қарашада 2080 тіркелді. Күші жойылды - Алматы облыстық мәслихатының 2025 жылғы 22 қазандағы № 42-233 бірлескен шешімімен және Алматы облысы әкімдігінің 2025 жылғы 22 қазандағы № 321 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Алматы облыстық мәслихатының 22.10.2025 № 42-233 бірлескен шешімімен және Алматы облысы әкімдігінің 22.10.2025 № 321 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

РҚАО ескертпесі:

Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 20 маусымдағы Жер Кодексінің 50-бабының 5-тармағына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы " Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6-бабындағы 1-тармақтың 13) тармақшасына және 27-бабындағы 1-тармақтың 8) тармақшасына сәйкес облыс әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** және облыстық мәслихат **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Алматы облысында жергілікті жағдайларға және көрсетілген жерді пайдалану ерекшеліктеріне байланысты меншікке немесе жер пайдалануға берілетін ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскелерінің ең аз мөлшері қосымшаға сәйкес белгіленсін.

2. Осы бірлескен Алматы облыстық әкімдігінің қаулысы мен Алматы облыстық мәслихатының шешімінің орындалуын бақылау жетекшілік ететін облыс әкімінің орынбасарына жүктелсін.

3. Осы бірлескен Алматы облыстық әкімдігінің қаулысы мен Алматы облыстық мәслихатының шешімі алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Облыс әкімі

А. Мұсаханов

Облыстық мәслихат

сессиясының төрағасы

Х. Баядилов

Алматы облыстық мәслихатының
2011 жылғы 14 қазандағы
N 51-286 бірлескен шешіміне
және Алматы облысы әкімдігінің
2011 жылғы 17 қазандағы N 212
"Алматы облысында меншікке
немесе жер пайдалануға
берілетін ауыл шаруашылығы
мақсатындағы жер телімдерінің
ең аз мөлшерлерін белгілеу
туралы" қаулысына
қосымша

**Алматы облысының жергілікті жағдайларға және көрсетілген жерді
пайдалану ерекшеліктеріне байланысты меншікке немесе жер
пайдалануға берілетін ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер
учаскелерінің ең аз мөлшерлері**

(гектармен)				
Аудандар және қалалар атаулары	Жеке меншік құқығымен немесе уақытша жер пайдалану құқығымен берілетін ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер телімдерінің ең аз мөлшері			
	шаруа (фермер) қожалығын жүргізу үшін Қазақстан Республикасының азаматтарына (ортақ үлестік меншік (үлестік жер пайдалану) құқығының қатысушыларына (мүшелеріне), қолданылмайды)		Қазақстан Республикасының мемлекеттік емес заңды тұлғаларына және олардың үлестес тұлғаларына тауарлы ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін	
	барлығы	оның ішінде суармалы	барлығы	оның ішінде суармалы
Ақсу	5,5	0,5	34	0,5
Алакөл	24,71	1,1	24,71	1,1
Балқаш	5,5	1	5,5	1
Еңбекшіқазақ	10,5	0,5	10,5	0,5
Ескелді	34,12	0,5	34,12	0,5
Жамбыл	4	0,5	4	0,5
Іле	6	1,35	6	1,35
Қаратал	6	0,5	6	0,5

Қарасай	2	0,5	2	1
Көксу	33,7	0,5	33,7	0,5
Кербұлақ	5,4	0,5	5,4	0,5
Панфилов	5	0,5	5	0,5
Райымбек	21,65	1,2	21,65	1,2
Сарқан	5	0,8	5	1
Талғар	8	1,27	8	1,27
Ұйғыр	5	0,5	50	5
Қапшағай қаласы	5	0,5	5	0,5
Текелі қаласы	2	1	2	1
Талдықорған қаласы	15,8	1,2	15,8	1,2

Аудандар және қалалар атаулары	Уақытша жер пайдалану құқығымен берілетін ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер телімдерінің ең аз мөлшері			
	тауарлы ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін шетелдіктерге және азаматтығы жоқ адамдарға		тауарлы ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін шетелдік заңды тұлғаларға	
	барлығы	оның ішінде суармалы	барлығы	оның ішінде суармалы
Аксу	15,5	0,5	34	1
Алакөл	24,71	1,1	24,71	1,1
Балқаш	5,5	1	5,5	1
Еңбекшіқазақ	10,5	0,5	10,5	0,5
Ескелді	34,12	0,5	34,12	0,5
Жамбыл	4	0,5	4	0,5
Іле	6	1,35	6	1,35
Қаратал	6	0,5	6	0,5
Қарасай	2	0,5	2	0,5
Көксу	33,7	0,5	33,7	0,5
Кербұлақ	5,4	0,5	5,4	0,5
Панфилов	5	0,5	5	0,5
Райымбек	21,65	1,2	21,65	1,2
Сарқан	5	1	5	1
Талғар	8	1,27	8	1,27
Ұйғыр	5	0,5	50	5
Қапшағай қаласы	5	0,5	5	0,5
Текелі қаласы	2	1	2	1
Талдықорған қаласы	15,8	1,2	15,8	1,2

